

Ү.Субханбердина еңбектеріндегі қазақ библиографиясы және кітаптану іліміС. Б. Жұмағұлов¹, С. У. Такиров²Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың ¹профессоры, ²доценті, Қарағанды, Қазақстан

Аннотация. Мақалада көрнекті ғалым Ү. Субханбердина ғылыми еңбектерінің ғылыми жаңашылдығы мен ғылыми өзектілігі қазақ библиографиясы мен кітаптану контекстінде алып қаралады. Авторлар ғалымның ғылыми еңбектері мысалға ала отырып, қазақ библиографиясы мен.

Әдебиетші ғалым Ү.Субханбердина қазақ баспасөзі, кітап тарихын зерттеу, библиографиясын түзу сынды ұлттық әдебиеттану ғылымының зерттеу нысанынан тыс қалып келген руханият әлемінің аса өзекті де күрделі арнасында ұзақ жылдар жемісті еңбек етті. Қазақ әдебиеттануының соны табысын айғақтайтын әрі тың қадам болып табылатын «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. I-бөлім» (1961), «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. 2-бөлім» (1963), «Әдеби мұра. Революциядан бұрынғы мерзімді баспасөз бетіндегі жарияланған көркем шығармалар» атты іргелі (1970) еңбектері үлкен маңызға ие. Халқымыздың ғасырлар бедеріндегі қоғамдық-саяси дамуындағы рухани өмірінің шежіресі қазақ баспасөзінің тарихын зерттеу мейлінше мол батылдық пен парасатты талап ететін-ді. Бұл орайда Х.Бекхожиннің «Тұңғыш қазақ газеті «Дала уалаяты» (1949), Б.Кенжебаевтың «Қазақ баспасөзінің тарихынан» (1950) еңбектері ХХ ғасырдың 50-жылдар басындағы идеологиялық талаптағы «Қазақ баспасөзін зерттеудегі өрескел қателіктер», «Тарихи шындық бұрмаланбасын» атты мақалаларда сыналғанын ескерсек, ұлтымыздың сан қатпарлы рухани және қоғамдық даму белестерімен сабақтас баспасөз тарихының бастапқы және кейінгі асыл арналарын зерделеп, ғылыми шежіресін екшей отырып библиографиясын түзудегі Ү.Субханбердинаның құнды кітаптары да кеңестік саясат ызғарына ұшырап, ұлттық мүддеге терең тамыр тартатын тың ізденістері тоталитарлық жүйе тезіне алынды.

«Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткішке» Алаштың рухани және саяси көсемдері Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ш.Құдайбердіұлы, Ғ.Қараш, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы материалдарын сол кезеңнің өзінде батылдықпен енгіз-

генімен олардың құнды мұралары цензура тарапынан алынып тасталды (1,16). Ғалым кітап редакторы Е.Ысмайыловпен бірге саяси қысымға алынып, Б.Кенжебаевтың «Айқап» журналы туралы еңбек» («Қазақстан Мұғалімі».1961.4.ҮІІІ) атты мақаласындағы оң пікірі және де кемел іске тірек бола білген Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан, С.Зиманов қамқорлығы ғана идеологиялық қуғын-сүргін тепірішінен қорғап қалды. Алайда Қазақтың мемлекеттік баспасы библиографияның екінші бөлімін басудан бас тартты (2,9). Бұдан қазақтың төңкерістен бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдардың библиографиялық көрсеткішін жарыққа шығару қаншалықты қиын өткелдерден өте отырып жүзеге асқанын әрі осы шырғалаңды жолда тар жол, тайғақ кешсе де ұлт руханиятына деген адалдығынан бір табан шегініс жасамаған зерттеушінің қажыр-қайратын еш боямасыз танимыз.

Ү.Субханбердинаның «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш». I-бөлім» кітабы Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз бетінде жарияланған маңызды материалдарды Ресейдегі құнды мұрағат негізінде қамтыған алғашқы күрделі де мейлінше маңызды көрсеткіш болды. Осы іргелі еңбекке жазған «Айқап» журналы туралы дерек» рецензиясындағы Б.Кенжебаевтың «Бізде қазақ революциядан бұрын шыққан газет, журналдар бетінде жарияланған мақалалар мен хат-хабарлардың библиографиялық көрсеткіштері жоқ, болған емес» («Қазақстан мектебі».1961.4.ҮІІІ) деген пікірі тұрғысынан келгенде ғалым еңбегінің соны ғылыми жаңалығы айқын танылады.

Әдебиетші «Айқап» журналында жарияланған материалдарды тақырыптық тұрғыдан алғаш жүйелеп, көрсеткішті негізгі сегіз тарауға (қазақ елінің экономикасы мен саяси жағдайлары, тарихы, мәдениет, оқу-ағарту, тіл және әдебиет, баспасөз, денсаулық сақтау, дін мәселелерін қатысты мағлұматтар) топтасты-

рып берді. Онда журнал бетінде жарияланған мақала, хат-хабарлардың толық библиографиялық деректерімен қатар мазмұндамасы жазылып, авторлардың алфавиттік көрсеткіші де қамтылды. «Айқап» журналы туралы мақалада зерттеуші басылымның маңызы туралы айта келіп: «Революциядан бұрын қазақ тілінде 14 газет, бір журнал шыққан. Олар: «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1883), «Дала уалаятының газеті» (1888-1902), «Серке» (1907), «Қазақ газеті» (1907), «Дала» (жылы белгісіз), «Қазақстан» (1911-1913), «Ешім даласы» (1913), «Қазақ» (1913-1918), «Айқап» (1911-1915), «Алаш» (1916-1917), «Бірлік туы» (1917), «Сарыарқа» (1917), «Ұран» (1917), «Үш жүз» (1917), «Тіршілік» (1917)» деген құнды дерек келтіреді. Соның барысында Б.Кенжебаевтың «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» (1958) еңбегіндегі қазақ баспасөзі тарихына қатысты қамтылмай қалған дерек көздерін «Алаш», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ұран», «Үш жүз», «Тіршілік» басылымдармен толықтырды. Ал, «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұналға библиографиялық көрсеткіш. 2-бөлім» (1963) кітабында 1870-1913 жылдар аралығында жарық көрген «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Қазақстан» басылымдарындағы түрлі ғылым салалары тақырыбындағы мақала-хабарлар қамтылды. Еңбектің «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзі жөнінде» тарауында қазақ басылымдары туралы маңызды деректер беріліп, ұлт баспасөзінің тарихын тану мен зерттеудің өзекті арналарын айқындай түсті.

Ғалымның аталған еңбектері қазақ баспасөзінің мазмұналған библиографиялық көрсеткішін құрастыру, зерттеу барысында ғылыми-зерттеушілік нысанына өз деңгейінде алына қоймаған әрі мейлінше күрделі кезең болып табылатын Қазан төңкерісіне дейін жарық көрген құнды басылымдарды жинақтау арқылы рухани өмірге сіңіру, ғылыми айналымға енгізу талабындағы әдебиеттанудағы тың да батыл ізденіс болды. Ғалымның «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзі және көркем әдебиеті (XIX ғасыр аяғы-XX ғасырдың басы)» (1964) тақырыбындағы кандидаттық диссертациясы да қазақ баспасөзімен қатар оларда жарияланған әдеби туындыларды жүйелі қарастырумен құнды.

Әдебиетші құрастырумен, алғы сөзімен жарық көрген қазақ мерзімді басылымдарында

жарияланған көркем шығармалары қатарында Ш.Құдайбердіұлы мұрасы да кеңестік цензура қысымына қарамастан ғылыми айналымға жол тауып отырды. Мәселен, «Әдеби мұра» кітабына «Қалқаман-Мамыр» жырының он нұсқасының бірін және де бір аңыз-әңгімесі, екі версиясы мен жеті варианты бар «Еңілік-Кебектің» «Дала уалаятының газетіндегі» нұсқасын ғылыми принциптілікпен енгізген болатын. Өз кезегінде Ү.Субханбердина және Ш.Ахметов, М.Ғұмарова, Б.Ысқақов, Т.Қанағатов, Г.Сұлтанғалиева, Е.Байтоқов, С.Шоқпарова, Қ.Қабдоловалар ат салысуымен жарық көрген қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасының екінші томдына халқымыздың төңкеріске дейінгі ғашықтық жырлары (лиро-эпос) қамтылып, 191 жырға сипаттама берілді. Осы қолжазбалардың жүз қырық екісі қазақ топырағында, елуге жуығы Шығыс сюжетіне құралған дастандар екені айқындалды. Бұл ретте кітапта Ш.Қ.-ның «Еңілік-Кебек», «Қалқаман-Мамыр», «Ләйлі-Мәжнүн» дастандарының қамтылуы аталған ғалымдардың ғылыми объективтіліктерін де көрсетеді. Міне, аталған томның сөз басында Б.Ысқақов «Қалқаман-Мамыр», «Еңілік-Кебек» қолжазба сюжеттік желісі, композициялық құрылысы, стильдік ерекшеліктерін де қарастырды (3,9-11).

«Қазан университетінің кітапханасындағы қазақ қолжазбалары» («Қазақ ССР ҒА хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы». 1969. №4), «Шығыс сюжеттері» («Қазақ ССР ҒА хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы». 1972. №6), «Шығыс зерттеуші ғалымдары және қазақ әдебиеті» («Жұлдыз». 1983. №4), «Шығыстанушылар және қазақ әдебиеті» («Жұлдыз». 1983. №4) сынды проблемалық мақалаларында ұлт руханиятының асыл арналарын зерттеу мен жариялауда қашан да елдік қасиеттерді басты орынға қойған Ү.Субханбердинаның құрастыруымен, алғы сөзімен жарық көрген «Ғашық-наме. Шығыс хикаяларының желісіне құралған қазақ дастандары» (1976. 1986) Шығыс хикаяларының желісіне құралған қазақ дастандарының тұңғыш рет жеке кітап болып шығуымен құнды болып табылады. Дастандардың тақырыптық-идеялық желісін, олардың қазақ топырағында тууы мен жариялануын қарастырған әдебиетші жинақта «Бозжігіт», «Сейфүлмәлік», «Таһир-Зуһра», «Мұңлық-Зарлық», «Иранғайып Шаһ Ғаббас», «Жүсіп-Зылиха» дастандарын қамтыды. Жинаққа «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын енгізбек болғанымен ғалымның өзі кейіннен жазғанындай

цензура қысымынан «оң ниетімізді іске асыра алмадық» (4,28).

Ғалым кеңестік дәуірдегі тоталитарлық жүйе қысымына қарамастан өзінің қай еңбегінде болмасын Алаш арыстары, соның ішінде Ш.Қ. мұрасын ғылыми негізді бағалауғы күш салды. Оған жоғарыда қарастырылған еңбектер айқын дәлел десек, өз кезегінде «Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі» атты ұжымдық ғылыми мақалалар жинағына енген «Шығыс тақырыбына жазылған қазақ дастандарының алғашқы басылымдары» зерттеуінде классикалық шығыс әдебиетінің дәстүрінде қазақ топырағында туған мұралар кеңінен талданды. Соның ішінде Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасының қазақ арасына ауқымды тараған нұсқасын саралауы ерекше назар аудартады. Өйткені аталған дастанның қазақ әдебиетінде орнығуы Шәкәрім шығармашылығынан ажырағысыз өзекті мәселе. Міне, Ү.Субханбердина «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасының қазақ арасына мол тарағаны - Физули нұсқасы. Осы нұсқаның толып жатқан қолжазбалары архив қазыналары мен кітапхана қорларында сақтаулы тұр. «Шолпан» журналының 1922 жылғы 2,3 және 1923 жылғы 4,5,6,7,8, сандарында басылған. Қазақ совет әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі Сәкен Сейфуллин 1935 жылы поэмаға алға сөз жазып жеке кітап етіп жариялаған болатын» (5) деп Шәкәрім мұрасының маңызын сол кезеңнің өзінде-ақ әділ бағалады. XIX-XX ғасыр басындағы қазақ халқының саяси-әлеуметтік, рухани өмірі тыныс-тіршілігінің айнасы іспеттес қазақ кітаптарын зерттеу, библиографиялық көрсеткішін жариялау сынды маңызды істердің ғылыми-әдіснамалық мәселелерін ұлттық әдебиеттану ғылымында уақыт талабына орай жандандыру, жаңаша сипатта жаңғыртудағы зерттеушінің «Қазақ кітаптары. Библиографиялық көрсеткіш» (С.Есова, Д.Сейфуллиналармен бірге) (1986.1994), «Дала уалаятының газеті» (1-5 кітап) (1989-1994), «Қазақ кітабының шежіресі» (Д.Сейфуллинамен бірге) (1996), «Қазақ. Алаш. Сарыарқа» (1993), «Қазақ халқының атамұралары» (1999), «Түркістан уалаятының газеті» (2003) еңбектері айрықша аталады. Атап айтқанда, Ү.Субханбердинаның (С.Есова, Д.Сейфуллиналармен бірге) «Қазақ кітаптары. Библиографиялық көрсеткіш (1807-1917)» (1986) еңбегі үлкен маңызға ие десек, библиографиялық көрсеткішке сол кезде әдеби мұрасы әлі толық ақталмаған Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ғұмар Қараш кітаптарын

батылдықыпен енгізгені үшін авторлар «айып ақша» төледі (6,28). Осындай басты идеологиялық кедергілер бола тұра Ү.С. «Есімдер көрсеткішінде»: «Ұмтылған» - бүркеншік ат, шын аты – Құдайбердіұлы Шәкәрім» (5,186) деп көрсетті. Ал «Кітап тақырыптарының көрсеткішінде» Ш.Құдайбердіұлының «Иман ғибадат (Мұсылмандық кітабы)», «Қазақ айнасы», «Қалқаман-Мамыр» кітаптарының аттары атап көрсетілді. Бұл тұрғыда қазақ кітаптарының 1803 жылы жарық көрген «Сейфулмәліктен» бастау ала отырып кейінгі даму тарихын зерттеуді ғылыми негіздеген аталған ұжымдық еңбек К.Матыжанов атап өткеніндей «Ә.Жиреншин өз зерттеуінде 150 кітап атауы мен 180 басылымды атаса, М.Бөжеев 280 кітап атауы мен 499 басылымды көрсетеді. Ү.Субханбердинаның аталған еңбегінде 480 кітап атаулары мен 720 басылымды айқындайды».

1807-1917 жылдар аралығында басылып шыққан қазақ кітаптары қамтылған іргелі еңбек Ү.Субханбердинаның «Қазақ кітаптарының тарихынан» атты зерттеу мақаласымен ашылған. «Туған мәдениетіміздің ежелден келе жатқан өзекті тарауының бірі – қазақ кітаптары. Енді сол қазақ кітаптарының тарихын түбегейлі зерттеу үшін алдымен қазақ кітаптарының библиографиясын құрастырып алуымыз керек» деп білген ғалым төңкерістен бұрын жарық көрген қазақ кітаптарының библиографиясын жасауда Мәскеу, Қазан, Ташкент, Алматы қалаларындағы ғылыми кітапханаларындағы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған қазақ кітаптарының фотокөшірмелерін және микрокөшірмелерін түсіріп алуда маңызды да кемел істер атқарды. Еңбекті дайындау барысында мұрағат материалдарын игеру, түрлі каталогтарды, проспектілерді, библиографиялық тізімдерді, естелік пен мемуарларды, төңкерістен бұрын шығып тұрған газет-журналдарда басылған мәліметтер ыждахаттылықпен пайдаланылып, қазақ кітаптарының картотекасы түзілді. Картотекада негізінен Қазан, Орынбор, Уфа, Ташкент және Петербургте араб әрпімен басылып шыққан қазақ тіліндегі кітаптар және мәтіні екі тілде (қазақ-орыс) қатар басылған кітаптар, сондай-ақ қазақша-татарша-орысша, орысша-қазақша, қазақша-орысша-парсыша-арабша т.б. сөздіктер де алынды. Қазақ кітаптарының басылу, жарық көрі тарихына кеңінен тоқталып, төңкерістен бұрын басылған қазақ тілінде басылып шыққан кітаптардың халқымыздың тарихын, әдеби, мәдени өмірін зерттеу үшін маңызы өте

зор екенін баса көрсеткен ғалым «Бұл кітаптар тарихи деректерді, архив қазыналарын толықтырып, қазақ халқының саяси, мәдени өмірінен құнды мағлұматтар береді» деген сындарлы пікір білдірді.

XIX ғасырдағы орыс шығыстанушы ориенталистерінің қазақ халық ауыз әдебиеті нұсқаларын, ақын-жыраулардың өлең-жырларын жазып алып, кітап етіп бастырудағы еңбектеріне, сонымен қатар халқымыздың ағартушы қайраткерлері Ыбырай, Абай кітаптарының жарық көруіне тоқталады. Классикалық Шығыс тақырыбына жазылған қазақ қисса дастандарына, шығыстық сюжетке құралған поэмаларды анықтай отырып, «Бозжігіт», «Сейфүлмәлік», «Көрұғлы», «Ләйлі-Мәжнүн», «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат», «Жүсіп-Зылиха», «Таһир-Зуһра» сынды кітап болып басылған нұсқалардың кейбірінің мазмұнын, басылу тарихын әдеби материалдарға сүйене отырып қарастырады. «Революциядан бұрын жарық көрген әрбір кітап, газет-журнал - халқымыздың азаматтық тарихы» деген ғалым Дулат, Шортанбай, Мәшһүр Жүсіп, Н.Наушабайұлы, Ғ.Қараш кітаптарының аттарын да ғылыми батылдықпен енгізді.

Қазақ баспасөзі тарихындағы алғашқы қарлығаштардың бірі саналатын «Дала уалаятының газеті» жинағы бірінші кітабының (1989) Ү.Субханбердина құрастыруымен жарық көруі де заңды болатын. Жинақта 1888-1894 жылдары аралығында Омбыда қазақ және орыс тілдерінде шыққан басылым беттерінде жарияланған материалдар берілді. Аталған іргелі басылымның барлығы бес кітабын ғылыми ыждахаттылығымен, қажыр-қайратымен жарыққа шығарған әдебиетші 1-кітапта (1989) Шәкәрім ақынның «Д.У.Г.» бетінде жарияланған «Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз» (1892. №№29,31,32,34-40), 4-кітапта «Редакцияға келген хат» (1895. №49) мұраларын қамтыды. «Дала уалаятының газеті» және қазақ әдебиеті мен мәдениеті» атты кіріспе мақалада ғалым басылымның шығу тарихына тоқталып, онда басылған шығармаларда «қазақ өмірінің барлық күрделі құбылыстары мен оқиғалары толық, тұтас қамтылмаса да, қазақ халқының тарихында болған ұлы өзгерістер, халық өмірінің жеке-жеке суреттері алғаш баспасөз бетіне түсіп, ұлт әдебиеті мен мәдениетінің негізін қаласуға көмектесті» деп басылым бетінде Ы.Алтынсарин туралы жазылған мақала, Абай өлеңдерінің тұңғыш баспа бетін көруі және де қазақ тіліне

аударылып берілген шығармалар, газет бетіндегі әдебиет мәселесі туралы пікір таласы, өзге де мәселелерді жан-жақты қарастырды. Ғалым газетті ғылыми тұрғыдан игеру жұмысы «әдебиетіміздің дамуына проблемалық, теориялық мәселелерді кеңінен көтеруге, оны терең жан-жақты зерттеу ісіне көп себін тигізетін саласы» деп аталған кітапта газет бетінде жарияланған әдеби публицистикалық материалдардың үлгілерін ақымды әрі жүйелі қамтыды. 1888-1893 жылдарда «Дала уалаятының газеті»-особое прибавление к «Акмолинским областным ведомостям», «Киргизская степная газета» беттерінде басылған әдеби нұсқаларға түсініктер де берілді.

Ү.Субханбердина құрастырумен жарық көрген «Айқап» (С.Дәуітовпен бірге) (1994), «Қазақ» (С.Дәуітов, Қ.Саховпен бірге) (1995), «Қазақ. Алаш. Сарыарқа» (1993), «Қазақ халқының атамұралары» (2002), «Түркістан уалаятының газеті» (2003) библиографиялық кітаптарының да ұлт руханиятындағы маңызы айрықша. Оларда баршы саналы ұлт зиялылығымен қатар Шәкәрімнің қазақ газет-журналдарында жарияланған мақала, әдеби туындылары жүйелі қамтылды. Мәселен, «Айқаптың» авторлары» бөлімінде ақын өмірі, шығармашылығы туралы құнды деректер беріліп, журналда ақынның «Мұсылмандық кітабы», «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» кітаптары туралы хабарлар, «Біздің мұқтаждарымыз», «Сөз таласы», «Басқармаға хат» т.б. мақалалары жарияланғаны туралы құнды деректер берілген. Сондай-ақ «Айқап» журналында басылған мақалалар мен хат-хабарлардың мазмұндалған библиографиялық көрсеткішінде» Ш.Құдайбердіұлы мұрасы қамтылып, оларға қысқаша түсініктемелер берілді. Ал «Қазақта» «Бүркеншік есімдер көрсеткішінде» «Ұмтылған» Шәкәрімнің бүркеншік есімі болғанын түйсе, кітапта ақынның «Қазақ құтты болсын!» өлеңі, Ә.Бөкейханның ақын кітаптарына жазған сын мақалалары, «Желкектің» «Шәкәрім ақсақалға» мақаласы қамтылған.

«Қазақ кітабының шежіресі» (1996) атты 1807-1917 жылдар аралығында жарық көрген қазақ кітаптарының библиографиялық көрсеткішінің «Кітап тарихы-адамзат тарихы» атты кіріспе мақаланың да кітаптану ілімінде маңызы зор. Мәселен, онда Шәкәрім шығармашылығы қарастырылып, ақынның 1911 жылдары Орынбордың «Үміт» баспасынан «Иман Ғибадат (Мұсылмандық кітабы)», «Кәрімов-Хусаинов» баспасынан «Түрік, қырғыз, қазақ

һәм хандар шежіресі», 1912 жылы Семейдегі «Жәрдем» баспасынан «Қалқаман-Мамыр», «Қазақ айнасы» кітаптары жарық көргені туралы құнды деректер, мәліметтер берілген. «Қазақ халқының атамұралары» (1999) атты ұлт руханиятын еселеуге соны тыныс дарытқан 834 беттік мазмұндалған іргелі библиографиялық көрсеткіште 1870-1918 жылдар аралығында жарық көрген сегіз қазақ баспасөзінің («Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті», «Айқап», «Қазақстан», «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа», «Бірлік туы») аса маңызды деректері мен мәліметтері қамтылып, 84 ұлт зиялысының суреті, барлығы 5204 мақаланың мазмұндамасы топтастырылды.

Ү.Субханбердинаның «Түркістан уалаятының газеті» («Білім және еңбек».№5), «Абайдың өзі тірі кезінде басылған екі өлеңінің текстологиясы» («Қазақ ССР ҒА хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1971.№3»), «Дала уалаяты» Шоқан туралы» («Қ.Ә».1985.21.ҮІ), «Тұнық бастау («Дала уалаяты» газеті жайлы)» («Білім және еңбек». 1988.№8), «Д.Сұлтанғазиннің қазақ тіліндегі мақалалары» («Жұлдыз». 1989. №4), «Айқап» туралы ақиқат» («Зерде». 1991. №11), «Шырғалаңнан өткен шығармалар: (Ш.Құдайбердиев пен М.Дулатовтың шығармалары жайында)» («Халық кеңесі».1992.21.Ү), «ашылған бүркеншік аттар» («Қазақ үні». 1993. сәуір) т.б. мақалаларының да ғылыми сипаты, танымдық-тағылымдық маңызы зор.

Түйіндей айтқанда, Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ халқының тұтас руханият әлемін тануда үлкен маңызға ие ұлт баспасөзі мен кітап тарихын зерттеуде ерекше қажыр-қайрат пен

ғылыми ерлік танытқан ғалымның ғылыми мұрасы бүгіндері жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Әдебиетші мұрасын зерттеу қазақ библиографиясы мен кітаптану ілімінің өзекті мәселелерін қарастыру мен танудағы бірден бір құнды арна болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Субханбердина Ү. Кітап жолы-арман жол. – Алматы, 2001.
2. Субханбердина Ү. Алғы сөз. – Кітапта: «Дала уәлаятының газеті». 5 кітап. – Алматы, 1998.
3. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – 2 том. – Алматы, 1979.
4. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 1995.
5. Қазақ кітабының шежіресі. 1807-1971. Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 1996.
6. Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі. – Алматы, 1983.
7. Қазақ кітабының шежіресі. 1807-1917. Библиографиялық көрсеткіш. – Алматы, 1986.

* * *

В статье рассматривается научная новизна и актуальность научных трудов видного ученого У. Субханбердиной в контексте казахской библиографии и книговедения. Авторы на примере научных работ ученого анализируют пути развития казахской библиографии и книговедения.

* * *

In article is considered scientific novelty and urgency of the scientific works seen scientist U.Subhanberdina in context of the Kazakh bibliography and book conduct. The Authors on example of the scientific work scientist analyse the way of the development to Kazakh bibliography and book conduct.